

**МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫ.  
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ**

**ОБЩАЯ ТЕОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА.  
ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА**

**GENERAL THEORY OF STATE AND LAW.  
HISTORY OF STATE AND LAW**

ҒТАХР 10.09.91

10.51889/2959-6181.2025.80.2.001

ӘОЖ 321(091)(4/9); 34(091)(4/9)

Қ.К.Айтхожин<sup>1</sup> , М.Т.Бейсенбаева<sup>2</sup> \*, Д.К.Рустембекова<sup>3</sup> 

<sup>1</sup> Kunaev University

<sup>2</sup>Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

<sup>3</sup>Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

(e-mail: kabdulsamikh@mail.ru; \*manshuk.beisenbaeva@mail.ru; dinara\_226@mail.ru)

**БИЛЕР СОТЫ - ҚАЗАҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ІРГЕЛІ ИНСТИТУТЫ**

*Аңдатпа*

Мақалада билер сотының қазақ халқы үшін әлеуметтік-саяси құндылық ретіндегі мәні ашылып көрсетіледі. Мақала қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінің іргелі институты - билер сотын және оның Қазақстанның қазіргі құқықтық жүйесіндегі ықтимал рөлін зерттеуге арналған. Зерттеудің өзектілігі отандық заңнама мен сот жүйесін жетілдіру қажеттілігімен, сондай-ақ әділ сот төрелігінің тиімділігін арттыру мақсатында ата-баба дәстүрлерінің ғасырлық тәжірибесін пайдалану ниетімен айқындалады. Қазақтың дәстүрлі «Жарғы» құқығы мен би соты әділдігін кешенді әрі салыстырмалы түрде зерттейтін арнайы мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтын құрудың орындылығы негізделіп, осындай орталықтардың жергілікті құқықтық ерекшеліктерді ескерудегі рөлін көрсететін шетелдік тәжірибе (Канада, Аустралия) мысалға келтірілген. Ата-баба дәстүріне жүгіну қажеттігі елдің қолданыстағы құқықтық және сот жүйесін түбегейлі жетілдіру талабынан туындайды. Сонымен қатар, шетелдік (әсіресе, дүниежүзілік соттар қызметін ұйымдастыру тәжірибесі) үлгілерді зерделеу отандық заң шығарушының мұқият назарын аударуға лайық екені атап өтіледі.

Ауыл тұрғындары үшін сот қорғауының қолжетімділігін арттыру және аудандық соттар судьяларының жүктемесін азайту мақсатында би сотын елдің бірыңғай сот жүйесіне бірінші сатыдағы сот ретінде енгізу орынды деп саналады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңға тиісті толықтырулар мен өзгерістер

енгізу, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы билер соты туралы» дербес заң қабылдау қажеттігі айқындалды.

**Түйін сөздер:** қазақ әдет-ғұрып құқығы; сот билігі; сот жүйесі; қазақ билер соты; сот.

*К.К. Айтхожин<sup>1</sup>, М.Т. Бейсенбаева<sup>2</sup>, Д.К. Рустембекова<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup> Кунаев университет*

*<sup>2</sup> Казахский Национальный аграрный исследовательский университет*

*<sup>3</sup> Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова*

*(e-mail: kabdulsamikh@mail.ru; manshuk.beisenbaeva@mail.ru; dinara\_226@mail.ru)*

## **СУД БИЕВ - ФУНДАМЕНТАЛЬНЫЙ ИНСТИТУТ КАЗАХСКОГО ОБЫЧНОГО ПРАВА**

### *Аннотация*

В исследовании раскрывается содержание суда биев как социально-политической ценности казахского народа. Статья посвящена исследованию суда биев как фундаментального института казахского обычного права и его потенциальной роли в современной правовой системе Казахстана. Подчеркнута актуальность исследования, обусловленная необходимостью совершенствования отечественного законодательства и судебной системы, а также стремлением использовать вековые традиции предков для повышения эффективности правосудия. Обосновывается целесообразность создания специализированного научно-исследовательского государственного института по комплексному и сравнительному изучению казахского права «Жарғы» и правосудия биев, приводится пример зарубежного опыта (Канада, Австралия) создания подобных центров для учета местной правовой специфики. Такое обращение к вековым традициям предков во многом определяется необходимостью коренного улучшения отечественного действующего права и судебной системы страны. Отмечается, что заслуживает тщательного внимания отечественного законодателя зарубежный опыт организации и деятельности мировых судов. Целесообразно введение суда биев в единую судебную систему страны, как суда первой инстанции в целях расширения доступности судебной защиты для граждан сельской местности и существенного снижения нагрузки на судей районных судов. В этой связи необходимо принятие соответствующих дополнений и изменений в Конституцию Республики и в Конституционный закон «О судебной системе и статусе судей», а также самостоятельного Закона «О судах биев в Республике Казахстан».

**Ключевые слова:** казахское обычное право; судебная власть; судебная система; казахский суд биев; суд.

*К.К. Aitkhozhin<sup>1</sup>, М.Т. Beissenbayeva<sup>2</sup>, D.K. Rustembekova<sup>3</sup>*

*Kunaev University*

*<sup>2</sup> Kazakh National Agrarian Research University*

*<sup>3</sup> Karaganda University named after Akademik E.A. Buketov*

*(e-mail: kabdulsamikh@mail.ru; manshuk.beisenbaeva@mail.ru; dinara\_226@mail.ru)*

## **SUD BIEV IS A FUNDAMENTAL INSTITUTION**

## OF KAZAKH CUSTOMARY LAW

### *Abstract*

The article reveals the significance of the bi court as a socio-political value for the Kazakh people. It is devoted to the study of the bi court as a fundamental institution of the traditional Kazakh legal system and its potential role within the modern legal framework of Kazakhstan. The relevance of the research is determined by the need to improve national legislation and the judicial system, as well as by the aspiration to utilize the centuries-old traditions of ancestors to enhance the effectiveness of justice. The article substantiates the feasibility of establishing a specialized state research institute for the comprehensive and comparative study of the traditional Kazakh legal system “Zhargy” and bi court justice. It also refers to international experience (Canada, Australia) in creating similar centers aimed at considering local legal specificities. The appeal to ancestral traditions stems from the need for a profound modernization of the country’s current legal and judicial systems. In addition, it is emphasized that foreign practices – particularly the organization and operation of magistrate courts – deserve the close attention of domestic lawmakers. It is considered appropriate to integrate the bi court into the country’s unified judicial system as a court of first instance in order to improve access to legal protection for rural residents and to significantly reduce the workload of district court judges. In this regard, it is necessary to introduce appropriate amendments and additions to the Constitution of the Republic of Kazakhstan and the Constitutional Law “On the Judicial System and the Status of Judges”, as well as to adopt a separate Law “On Bi Courts in the Republic of Kazakhstan”.

**Key words:** Kazakh customary law; judicial power; judicial system; Kazakh biy court; court.

### *Kipicne*

Қазіргі уақытта Қазақстанда отандық құқықтық мемлекеттілігімізді орнықтырудың ажырамас шарты болып саналатын тепе-теңдік әрі тежемелік жүйесіндегі сот билігінің толыққанды жұмыс істеуі мен дамуына конституциялық-құқықтық негіз қалыптастырылды. Қазақстан Республикасының Президенті 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығымен бекітілген 2030 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасында: «Сот жүйесін жаңғырту жөніндегі жұмыс мынадай бағыттар бойынша жалғасуы қажет: соттардың одан әрі мамандандырылуы; істерді кассациялық сатыға беру тәртібін өзгерту; қалалардағы бірінші саты соттарын біріктіру» деп атап өтілген<sup>1</sup>. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан судьяларының ІХ съезіндегі сөзінде де әділ сот мемлекеттің мызғымас тірегі болып саналатыны, ал сот жүйесі беделді әрі бейтарап болуы тиіс екені айтылды. «Заң мен Тәртіп – қоғамдағы әділеттіліктің негізгі көрсеткіштері. Бұл дегеніміз – заң алдында бәрі тең деген сөз. Сондықтан сот инстанциялары азаматтардың құқықтарын қорғауды мүлтіксіз қамтамасыз етуі қажет. Елдегі заң үстемдігін сақтау халық сенімінің кепілі болады»<sup>2</sup>.

Сонымен қатар Қазақстан қоғам өмірінің барлық саласын жан-жақты жаңғырту кезеңін бастан өткеріп жатқандықтан, ұлттық құқықтық жүйені түбегейлі реформалау және осыған байланысты құқық қорғау жүйесі мен сот билігін түбегейлі қайта құру мәселелерін ең тиімді әлемдік құқықтық тәжірибе үлгілерін ескере отырып, қайта шешуге мәжбүр. Елімізде бірнеше жылдан бері ауқымды сот-құқықтық реформа жүргізіліп, шетелдік тәжірибе кеңінен қолданылып, құқықтық жүйеміз халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкестендірілуде.

Алайда мемлекеттік-құқықтық жүйені түбегейлі жаңғырту, ең алдымен, еліміздің дамуындағы алуан түрлі ұлттық факторларды (тарихи, мәдени, идеологиялық, саяси және

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығымен бекітілген // Қазақстан Республикасының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. // <https://adilet.zan.kz/rus>.

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан судьяларының ІХ съезінде сөйлеген сөзі // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты // <http://akorda.kz/>.

т.б.) ескерусіз жүзеге асуы мүмкін емес. Өйткені Қазақстан Республикасының қазіргі мемлекеттік-құқықтық жүйесі де елдің өз тарихи даму үдерісінің, ең алдымен, қазақ халқының құқықтық мұрасына сүйенген тарихи эволюциясының жемісі.

Ата-бабамыздың ғасырлар бойғы салт-дәстүріне жүгіну – отандық құқықтық және сот жүйесін түбегейлі жақсарту қажеттілігінен де туындап отыр. Халқымыздың құқықтық мұрасынан, оның этнопсихологиялық ерекшеліктерінен қол үзбей, оны қазіргі заманның қоғамдық сананы жаңғырту талаптарына сай қайта пайымдауы үшін аса маңызды.

### *Материалдар мен әдістер*

Зерттеу би соты феноменін жан-жақты зерделеп, оны Қазақстанның қазіргі құқықтық жүйесіне интеграциялау перспективаларын бағалауға мүмкіндік беретін өзара толықтыратын әдістер кешеніне негізделген.

Зерттеу материалдарын құрайтындар:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға енгізілуі жоспарланған өзгерістер мен толықтырулардың жобалары және «Қазақстан Республикасындағы би соттары туралы» заң жобалары;

2. Қазақтың дәстүрлі құқық жүйесінің тарихи көздері («Жарғы»), тарихи хроникалар, би сотының ұйымдастырылуы мен қызметін бейнелейтін құжаттар;

3. Қазақтың дәстүрлі құқығын, би сотының тарихын, Қазақстанның қазіргі сот жүйесінің жұмыс істеу мәселелерін, сондай-ақ шетел мемлекеттеріндегі төменгі деңгейдегі соттардың ұйымдастырылуы мен қызметіне арналған монографиялар, ғылыми мақалалар мен диссертациялар.

Зерттеу әдістері:

- тарихи-құқықтық әдіс: би сотының генезисін, эволюциясын және әртүрлі тарихи кезеңдердегі қызмет ету ерекшеліктерін зерделеу;

- салыстырмалы-құқықтық әдіс: қазақтың дәстүрлі құқығын өзге дәстүрлі құқық жүйелерімен салыстыру, сондай-ақ шетел мемлекеттеріндегі төменгі деңгейдегі соттардың ұйымдастырылуы мен қызметін талдау;

- жүйелік тәсіл: би сотын Қазақстанның тұтас құқықтық жүйесінің бір элементі ретінде қарастырып, оның өзге институттар мен құқықтық процестерге ықтимал әсерін бағалау;

- формальды-заңдық әдіс: нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық құжаттарды талдау арқылы би сотының құқықтық табиғатын және оны заңнамалық тұрғыдан бекіту мүмкіндігін анықтау;

- социологиялық әдістер: би сотын қайта жаңғыртудың қажеттілігі және оның ықтимал тиімділігі жөніндегі қоғамдық пікірді анықтау мақсатында заңгерлермен, судьялармен, мемлекеттік орган өкілдерімен және ауыл тұрғындарымен сауалнамалар, сұхбаттар жүргізу;

- талдау және синтез әдісі: жинақталған деректерді қорыту, негізгі үрдістер мен заңдылықтарды анықтау, Қазақстанның құқықтық жүйесін жетілдіру бойынша қорытындылар мен ұсыныстар әзірлеу.

Аталған әдіснамалық көзқарас би сотының тарихи, құқықтық және әлеуметтік қырларын кешенді түрде зерттеуге, Қазақстандағы сот әділдігінің қолжетімділігі мен тиімділігін арттырудағы оның әлеуетін айқындауға, сондай-ақ оны қазіргі құқықтық жүйеге интеграциялау бойынша ғылыми тұрғыдан негізделген ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.

### *Нәтижелер мен талқылаулар*

Қазақ халқының ішкі тұрмысын айқындаған әдет-ғұрып құқығы нормалары жалпы тарихи маңызға ие. Әдет-ғұрып құқығының рухани-адамгершілік құндылығы – бізге қазақ халқының көне құқықтық өмірінен тағылым алып, жас ұрпаққа өнеге көрсетуге мүмкіндік

береді. Байырғы «би соты» тәжірибесін ұлттық құқықтық дәстүрлердің көркем үлгісі ретінде көрсету – отандық заңнаманың рухани байлығын толықтыра түспек. Тәуелсіз мемлекеттің құрылуы, сөзсіз, барлық салаларда, соның ішінде құқық саласында да ұлттық бастауға сүйенуді талап етеді. Себебі, тәжірибие көрсетіп отырғандай, құқықтану халық ғасырлар бойы бөгде ықпалдың қысымында болған кезеңде ең алдымен ұлттық дәстүрден ажырап қалған. Бүгінде құқықтық өміріміздің бәрі бірдей ұлттық болмысымызбен үйлесе бермейді. Сол себепті заң шығару үрдісі барған сайын ұлттық құқық тарихына көбірек назар аударма бастады [1, 5 б.].

Жаңа әрі әділетті Қазақстанды құру жағдайында қазақ халқының тарихи тәжірибесі мен ғасырлық дәстүрін ескеру – қоғамды саяси жаңғыртудың алғышарты әрі қажетті шарты бола алады. Бұл, сөзсіз, халқымыздың құқықтық дамуының тарихи тамырына оралып, жоғалған адамгершілік, заңға бағыну, әділеттілік және өзге де әлеуметтік құндылықтарды қайта жаңғырту мен іздеуді талап етеді. Мәселен, көрнекті қазақстандық ғалым, академик С.З.Зимановтың «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» атты ғылыми тұжырымында әділ атап өткендей: билер соты демократияға барынша жақын, қызметі негізінен халықтың құқықтық және адамгершілік құндылықтарына сүйенген сот билігі болды, бұл қоғамдық-саяси жүйенің тұрақтылығы мен халықтық сипатының көрінісі еді [2, 97 б.]. Тіпті С.З.Зиманов атап өткендей: «Көшпелі өркениет аясында дүниеге келген қазақ құқығы сол дәуірдің адамзаттық арман-тілегін, құндылықтарын бойына сіңіре білді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ құқығы әлемдегі тарихи мәні бар құқықтық жүйелердің қатарынан өз орнын алуы керек» [2, 18 б.].

Халықтық дәстүрлерге қайта оралу - Тәуелсіз Қазақстанның өткен, қазіргі және болашақ көкжиегін жалғастыратын алтын көпір іспетті. Өйткені 1990-жылдардан бері елімізде жүріп жатқан саяси-құқықтық реформалар кезеңінде қоғамның абсолютті әлеуметтік-адамгершілік нормалары мен бағдарынан айырылуы – оның өзін-өзі тану дағдарысына да әкеліп отыр. Тарих тәжірибесі көрсеткендей, қоғамның құқықтық дамуында ұлттық құқықтық тәжірибе үлгілерін негізге ала отырып, оның тарихынан қазіргі құқықтық жүйенің дамуына қатысты жауап іздеу аса маңызды. Белгілі орыс философы Э.Ю.Соловьевтің: «Адамының киелі құндылықтары болмаса, ол ақыры не үшін өмір сүретінін түсіне алмайды, сөйтіп, кім екенін айқындай алмайды. Ал мақсат қоя алмау - саналы мақсаттарға жету жолындағы құралдарды таба алмаудан әлдеқайда қауіпті» [3, 40-41 б.] деп әділ атап өткен.

Мысалы, қазақтың дәстүрлі құқық тарихы көрсеткендей, көшпелі қоғамының қоғамдық өмірін реттеуші құрал ретінде қалыптасқан әдет-ғұрып құқығы қарапайым құқықтық нормалар жиынтығы ғана емес, қазақ халқының құқықтық санасының ажырамас бөлігі, халық сеніміне негізделген, қоғамның барлық мүшелерінің пікірін ескере алатын құқықтық құрылым болған. Қазақ халқының рухани дүниесінен және ұлттық санасынан қуат алған әдет-ғұрып құқығына көшпелі қоғам өмірінің күнделікті оқиғаларынан жоғары тұратын бірлік пен жоғары құндылықтар тән еді.

Таза мөлдір әділдік пен бейтараптықтың үлгісі болған қазақ билер соты өзінің берік негізін құрайтын мынадай қағидаларға сүйенді: судьяның пара алмайтындығы, бидің қызметінің адамгершілікке негізделуі, билер сотының қолжетімділігі мен жариялылығы, билердің шешендік өнерді меңгеруі - дәлелдеу мен шешім негізін түсіндіру құралы ретінде.

Қазақ билер сотының маңызды ерекшеліктерінің бірі - дауласушы тараптарды татуластыруға бағытталуы және кінәлілердің келтірген материалдық әрі моральдық зиянын толығымен өтеуі. Сондай-ақ, билер сотының ерекше руханилығы - дауларды шешуде моральдық ұстанымдарға баса мән беруі. Билер ең алдымен қоғамда орныққан моральдық нормаларға сүйенді. Жоғары адамгершілікке негізделген билер соты халқымызға бүгінге дейін маңызын жоймаған бай рухани мұра қалдырды. Дауларды шешуде билердің соттық және басқару қызметіндегі рухани мазмұн - бұл ұлттың ерекше кодын айқындайтын құрамдас бөлігі, оны сақтау - болашақ даму кепілі.

Сондықтан әдет-ғұрып құқығы - оның аясында жұмыс істеген қоғамның бір бөлшегі ретінде дәстүрлі адамгершілік-құқықтық құндылықтар жүйесін қамти отырып, қоғамның өзін де нығайтты. Ата-бабаларымыздың құқықтық әдет-ғұрыптарын бұлжытпай орындау және оны билердің мінсіз сот тәжірибесімен қолдау - қазақ қоғамының дамуы мен өзін-өзі реттеуінің тұрақты факторы болды. Бұл ретте академик С.З.Зиманов: «Қазақ құқығының негізі - халықтық сипат пен адамның табиғи бостандығы. Бұл - адамның мәңгілік армандары мен ізгі мұраттарына үндес келетін моральдық идеалдар мен қағидалар еді. Сондықтан да қазақ құқығы өзге билеушілер мен олардың режимдерінің қылышынан да күшті болды» деп әділ атап өткен.

Билер соты қашанда адамгершілікке негізделіп, әділеттілікті басты мұрат еткен. Сол себепті қазақтың әдет-ғұрыптық құқықтық жүйесінде судья-бидің мәртебесі мен мәнін айқындаған тұтас қағидалар мен нормалар қалыптасқан. Бұл ұлттың құқықтық санасына сіңіп, дәстүрлі менталитеттің құрамына енді. Бүгінгі зерттеушілер де атап өтетіндей, «адам тағдырына тікелей әсер ететін судья қызметінің моральдық сипаты айрықша маңызға ие. Негізгі бағдар - адамның ар-ожданы және заң аясында істі шешуде көрініс табатын әділеттілік. Құқық үстемдігі моральдық негізге құрылуы қажет. Себебі моральдық әділеттілік сот төрелігінен еркіндікке жол бермейді» [4, 141 б.].

Сондай-ақ, билер сотының жария, ауызша өтуі - іске қатысушыларға және істің барысына қызығушылық танытқан кез келген адамға қолжетімді болғанын көрсетеді. Ш.Ш.Уәлиханов та: «Билер сотының басты артықшылығы - рәсімдер мен ресмиліктің болмауы. Бидің беделі – басты құндылық. Қалаған кез келген адам өзі сенім артқан бидің қарауына жүгіне алады» деп жазған [5, 141 б.].

Би шешімінің басты мақсаты - дауласушыларды татуластыру. Билердің міндеті - тараптардың арасындағы залалды жою, ру мен тайпа өміріндегі үйлесімділікті қалпына келтіру. Билер дауды қарай отырып, адамдар арасындағы өзара сенім мен келісім нормаларын сақтауға мән беріп, қоғамдық бірлікті қамтамасыз еткен. Академик С.З.Зиманов: «Қазақ құқығы әділеттілікке, халықтық сипатқа және адамгершілікке негізделіп, дауласушы және жауласушы тараптарды татуластыруды мақсат еткен. Ағайынгершілік, құдандалық институттары жиі қолданылған. Дауларды қараудағы қарапайымдылық пен қолжетімділік, турашылдық пен айқындық, соттың әділдігі мен дәлелдеу еркіндігі, шешендік пен қисынды пайым, дауласушылардың және көпшілік қатысушының шектеусіздігі, тараптарды татуластыруға тырысу - билер сотының мәні мен сипатын айқындады» деп жазған [6, 15 б.].

Сондықтан да билер шешімі қоғамның тұтастығын қалпына келтіріп, ерікті және жаппай орындалған, өйткені адамдар ата-баба заңына негізделген мінез-құлық ережелерінің әділеттілігіне сенген. Бұл - «дала демократиясы» құқығының жарқын көрінісі еді.

Билер сотының нормативтік-құқықтық негізі прецеденттік құқық болып табылғанымен, билер өз руластары күнделікті өмірлік жағдайлармен жүгінгенде, сол мәселелерді шешу барысында жалпыға ортақ мінез-құлық ережелері мен әлеуметтік және құқықтық мәні бар істерді қарастырудың жаңа қағидағары мен тәсілдерін де қалыптастырып отырған. Көшпелі қоғамда зор беделге ие болған билерлер, тарихи жағдайлардың жүктеген соттық функцияларын атқара отырып, жекелеген құқықтық оқиғалар бойынша қысқа әрі нақтылы шешімдер шығару арқылы қоғам өмірінде туындаған жаңа сұрақтарды да шешіп отырған. Осыған орай, ресейлік зерттеуші И.А.Козлов: «Халық санасында бидің атағы – мүлтіксіз адалдығымен, табиғи зеректігімен, халықтың ежелгі әдет-ғұрыптарын терең білумен ерекшеленген санаулы тұлғаларға тиесілі. Билер – халықтың тірі шежіресі, заңгері немесе құқық білгірі» деп атап көрсеткен [7, 95 б.]. Бұл жағдай билер шешімдерінің негізінде әділеттіліктің объективті өлшемдеріне сүйенген құқық күші жатқанын және соның нәтижесінде ол моральдық міндеттеуші сипатқа ие болғанын көрсетеді.

Көшпелі қоғамның жаңа өмірлік жағдайларға бейімделу үдерісінде билерлер Дала өлкесі үшін жаңа прецеденттік құқық қалыптастырып, оны халықтың құқықтық өмір сүруінің іргелі

бастаулары ретінде әділеттілік, гуманизм, ашықтық және жариялылық қағидаттарына негіздеген. Осы тұрғыда Ш.Ш.Уәлиханов «Сот реформасы туралы жазбасында» былай деп жазады: «Киргиздердің (қазақтардың) әдеттік құқығы, дамудың төменгі деңгейін жоғарғысымен салыстыруға сүйеніп үйренген біздер үшін, мұсылман, қытай немесе Русская правда заңнамасымен салыстырғанда әлдеқайда гумандық сипатқа ие. Қазақ заңдарында еуропалық заманауи кодекстерге тән алдын ала қорқыту және жазалау шаралары жоқ. Қазақтарда тән жазасы ешқашан болмаған» [5, 94 б.].

Сот үдерісінде билер төрелік рөл атқара отырып, істің соңғы шешімін шығаруды міндетті түрде есте ұстауы қажет болған. Мұндай шешім дәлелді, нанымды әрі анық болуы тиіс еді. Бұл тұрғыда «Тілмен түйгенді, тіс шешпес» деген халық нақылына сай, бидің айтқан үкімі өзгермейтін, заңды күшке ие шешім ретінде қабылданған [2, 95 б.].

Бидің шешім шығару үдерісі тараптарды бітістіру кезеңі болған. Демек, сот ісінде қай тараптың кінәлі немесе кінәсіз екені басты мәселе болып қойылмаған. Бұл жөнінде С.З.Зиманов: «Ортағасырлық қазақ көшпелі қоғамының идеологиясында билер сотының түпкі мақсаты - қаншалықты күрделі және шиеленісті болса да, дауласушы тараптарды бітімге келтіру, татуластыру болған. «Даудың түбі біту» деген тұрақты норма да қалыптасқан» деп атап көрсетеді [2, 95 б.].

Осы прецеденттік бастауға сүйенген қазақтың әдет-ғұрып құқығы адамдарды біртұтас әлеуметтік қауымдастық ретінде біріктіріп, дауды бітімге келтіру құралы әрі әлеуметтік дау-дамайларды шешу барысында құқықтық қарым-қатынас тетігі ретінде қызмет еткен. Бұл жөнінде ресейлік шенеунік, этнограф Л.И. Д'Андре (1819-1849) былай деген: «Билер өз сотында әділ қазының, молданың және белгілі бір дәрежеде сұлтанның билігін бір қолда ұстаған. Себебі талаптың мәні мен қылмыстың ауырлығы бидің ісін жүргізуіне еш кедергі келтірмеген. Оның басты міндеті - ауылдарда тыныштық орнатып, шағымдарды жедел қарап, дау-дамайды басынан тоқтатып, араздық пен ұзаққа созылған жанжалға жол бермеу» [8, 93 б.].

Билер соты институты көшпелі қоғамда әлеуметтік бітімгерлік құралы ретінде қоғамдық әділетсіздіктің қайталануына жол бермей, адамзат қауымдастығының қалыпты жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасаған. Оның тарихи маңызы - қазақ қоғамының өзін-өзі сақтап қалу мүмкіндігін негіздеуінде еді. Билерлердің шешімдері арқылы адамдарға өздерінің біртұтас қауым екендігі, тіпті дауласушылар да бір-бірімен тек қан арқылы емес, сондай-ақ ұлы қазақ халқының өкілі ретінде ажырамас байланыста екендігі үнемі ескертіліп отырған.

Билер соты үздіксіз моральдық дәстүр ретінде құқықтық әрекеттерде де, сот шешімдерінде де көрініс тапқан жоғары адамгершілік қағидаттарды өз бойына жинақтаған. Осыған байланысты К.А.Мами өте орынды атап өтеді: «Біз билер сотының бай мұрасынан көп нәрсе үйреніп, оны қазіргі сот кадрларын тәрбиелеу, сот ісін жүргізу барысында қайта жаңғыртуымыз керек. Құқықтық әдет-ғұрыптар мен қағидаларды, этикалық категорияларды құқық қолдану тәжірибесіне енгізу - судьяның білім деңгейін, ойлау қабілетін, жоғары моральдық және азаматтық жауапкершілігін талап етеді» [9].

Осының бәрі би үшін ең жоғары құндылық - қазақ көшпелі қоғамының тұтастығы мен әрбір қазақтың өмірі болғанын көрсетеді. Дәл осындай көзқарас би институтының қызметі арқылы қазақ халқының біртұтас ұлт ретінде бірігуіне ықпал еткен.

Әсіресе, би институты халықтың бірлігі, адамзаттық және қоғамдық гуманистік қағидаттар қауіп төнген ең күрделі тарихи кезеңдерде де өз маңыздылығын ерекше айқындаған. Ресейлік зерттеуші А.Зуев те: «Халық адат бойынша, яғни ескі әдет-ғұрыппен соттасқан. Оның сақтаушысы, түсіндірушісі және қолданушысы - халықтың ішінен сайланған, ақыл-парасаты мен адалдығы үшін танылған «билер» болған. Халық аңыздарында мұндай бидің қателескені туралы дерек кездеспейді. Алыс заманның тұманы арасынан қырғыз (қазақ) үшін әділ, сатылмайтын, дана, жанашыр, әрбір мүшесінің өмірлік жағдайын жетік білетін би образы жарқырап көрінеді. Халықтың сеніміне ие болған мұндай тұлға халықтың ар-ожданы мен өміріне жетекшілік жасап, әділ шешім шығарып отырған. Бұл

шешімді тек хан ғана, ол да сирек жағдайда, халық сеніміне ие беделді ақсақалдар кеңесімен ғана өзгерте алған. Осындай көне би соты халық жадында сақталған» деп жазады [10, 162 б.].

Билерлердің қызметінде ерекше назар аударуға тиіс тағы бір маңызды жайт бар: ең күрделі, шиеленісті даулы мәселелер бойынша жауапты әрі даналыққа негізделген шешімдер шығара отырып, олар адамдардың адамдық қадір-қасиетін сақтап қалуына, ең қиын сәттерде де өзінің адами болмысын жоғалтпауына жәрдемдескен. Сондықтан да билерлердің шешімдері ғасырлар қойнауында да қазақ халқының тарихында елеусіз қалған емес. Өйткені олардың шешімдері қазақтың әдет-ғұрып құқығының бұрынғы және қазіргі нормаларымен ғана емес, сондай-ақ оның болашағымен де айқындалып отырған. Себебі билерлер шешімдерінің құқықтық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік тұрғыдан да маңызды салдары болған. Мүмкін, осы жоғарыда аталған себептердің әсерінен болар, қазақтың көрнекті ғалымы, академик Қ.И.Сәтбаев атап көрсеткендей, «көшпелі қазақ қауымдарында билерлердің, сот билігін атқарған билердің беделі ханның – жоғарғы билеушінің беделінен әлдеқайда жоғары болған» [11, 94 б.].

Бұл жайт қазақтың әдет-ғұрып құқығын оқытатын оқу курстары тек тарих және құқық факультеттерінде ғана емес, сондай-ақ гуманитарлық бағыттағы өзге де жоғары оқу орындарында міндетті түрде оқытылуы қажет екенін айғақтайды. Мұның басты мақсаты – жастарды ата-бабаларымыздың құқықтық тарихына тарта отырып, олардың тарихи санасын, құқықтық мәдениетін қалыптастыру. Өйткені егер мұндай сабақтастық болмаса, болашақ ұрпақтар өз халқының құқықтық дамуы туралы үстірт, үстемелеп қана түсінік алуы мүмкін. Ал мұндай жағдайда халқымыздың тарихы да ақтандақ беттерге толы болар еді.

Адамзат әлеуметтік табиғаты бар, тарихи жаратылыс иесі болғандықтан, әр халық өз ұрпағына құқықтық мұраларын, тарихи құқықтық білімін жеткізіп отыруы тиіс. Оның үстіне, тарихты білу - егер ол жекелеген тұлғалық таныммен сабақтаспаса, өзінің шынайы құндылығын жоғалтады. Демек, тарихпен байланыс әрдайым берік болуы керек, әйтпесе халқымыздың қайғы-қасіретке толы, тағдырлы тарихының парақтары кейінгі ұрпақ үшін жабық күйінде қалуы мүмкін.

Ата-бабаларымыздың әдет-ғұрып құқығын білудің әлеуметтік қажеттілігі қазіргі заманда оның өмірде жетіспеушілігін сезінген кезде айқын аңғарылады. Қазіргі қоғамға өткен ұрпақтардың құқықтық мұрасын, оның ішінде әдет-ғұрып құқығын білу – тарихи сабақтастықтың маңызды арқауы ретінде аса қажет. Себебі әдет-ғұрып құқығы – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан адамгершілік пен әділеттіліктің, халық даналығының жинақталған көрінісі. Сондықтан да ұрпақтар өмірінің уақыты мен тарихын тек бір сәтпен емес, тұтас қоғамдық дамудың кеңінен ұласқан, үздіксіз процесімен байланыстыру қажет, ол өз кезегінде өткенді, қазіргі мен болашақты ажырамас біртұтас жүйе етіп біріктіреді.

Осындай өмірдің біртұтас ағымымен тығыз байланыс - тарихқа, өткен ғасырларда орын алған оқиғаларға, қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарына қайта оралу қажеттігін айқындайды. Өйткені дәстүр - уақыттың жалғастырушы тіні. Дәстүрсіз өмірде бірден келеңсіздіктер мен дағдарыстар орын алады. Ондай жағдайда ұрпақтар сабақтастығы, халық өмірінің үздіксіздігі жоғалып, ұлттық тұтастық пен тарихи жалғастық үзіледі. Шын мәнінде дәстүр дегеніміз - тек әдет қана емес, ол белгілі бір нормативтік сипатқа ие құбылыс.

Сонымен қатар, дәстүр – халықты біріктіретін қуатты күш. Ол бізді тек өткенмен ғана емес, қазіргімен де, болашақпен де байланыстырады. Дәстүр арқылы қазіргі заман да өткеннің жалғасы ретінде көрініс табады, ал болашақ - бұл дәстүрді ұрпаққа жеткізу міндетін орындау қажеттілігі ретінде қалыптасады. Егер дәстүр болмаса, қоғамда рухани дағдарыс пен соған байланысты тұрақсыздық сезімі орын алар еді [12, 94 б.]. Осы орайда венгриялық зерттеуші Ева Анчелдің: «Дегенмен, мүмкіндігінше сақтауға болатын және адамзат үшін орнықты құндылық болып табылатын барлық нәрсені қорғау және сақтау қажет» деген тұжырымы өте орынды [12, 95 б.].

Осылайша, әдет-ғұрып құқығы - қазақ қоғамының өмірін әлеуметтік-нормативтік тұрғыдан реттеудің маңызды құралы болған. Қазақтың әдет-ғұрып құқығының қызмет ету тәжірибесі қоғам дамуы тек жалпы адамзаттық гуманитарлық құндылықтармен ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының ұлттық болмысы мен мемлекеттілігіне тән тарихи формалар негізінде де жүзеге асуы қажет екенін көрсетеді. Сондықтан да қазақтың құқықтық дәстүрі қалыптасқан кезеңдегі билерлік сотының құқықтық құндылықтары мен әділеттілік идеалдарын, әдет-ғұрып құқығының бастауларын, оның ұлттық рухани өмірдегі орнын зерделеуге бағытталған іргелі зерттеулер ерекше маңызға ие. Өйткені дәл осы құндылықтар мен құқықтық қағидалар халқымыздың ең қиын, тағдырлы кезеңдерінде ұлттық рухтың, әділеттің сақталуына негіз болған.

Негізгі сот-құқықтық реформаны жүзеге асыру барысында Ресей Федерациясында бітімгерлік судьялар институтын енгізу тәжірибесін ескеру де орынды болмақ. Ресейлік сарапшылардың пікірінше, 1998 жылғы 17 желтоқсанда қабылданған «Ресей Федерациясындағы бітімгерлік судьялар туралы» Федералдық заң сот реформасы тұжырымдамасының бір маңызды идеясының заңды түрде көрініс тапқанын айғақтайды. Бұл институттың ең басты артықшылықтарының бірі - сот қорғауының қолжетімділігін кеңейту болды. Біріншіден, азаматтар үшін аса күрделі емес істер бойынша тұрғылықты жеріне жақын орналасқан сотқа жүгіну мүмкіндігі пайда болды. Бұл, әсіресе, қалалық емес аймақтарда тұратын халық үшін айрықша маңызды еді. Екіншіден, федералдық (аудандық, қалалық) сот судьяларының жүктемесі едәуір азайды. Айта кетерлігі - бітімгерлік судьялар федералдық судьялар қатарына жатпаса да, олар Ресей Федерациясы субъектілерінің судьялары ретінде процессуалдық тұрғыда бірыңғай сот жүйесіне енеді және бірінші сатыдағы сот ретінде әрекет етеді [13, 111-112 бб.].

Осы тұрғыда Ресейдің «Бітімгерлік судьялар туралы» федералдық заңын іске асыру тәжірибесін және бітімгерлік соттардың жұмысын жан-жақты зерделеу өзекті. Алайда мұнда ескерілуі тиіс жайт - ресейлік тәжірибе әлемдік бітімгерлік әділет практикасына тән бірқатар ерекшеліктерден айырмашылығы бар. Атап айтқанда:

1. бітімгерлік судьялар әділетті жүзеге асыратын қауым ішінде сенімге ие тұлғалар арасынан сайлануы (тағайындалуы);
2. бітімгерлік судьяның жоғары заңгерлік білімі болмауы мүмкіндігі.

Ресейлік заңгер Ю.И. Стецовский атап өткендей: «Бітімгерлік судьялар халықты құқықтық түсініктер мен процессуалдық рәсімдерге біртіндеп үйретуге тиіс болды әрі бұл істі халық сенімін иелене отырып жүзеге асырды. Бітімгерлік соттар халық арасында беделге ие болып, «бітімгерлік» атауының өзі құрмет тудырды. Бұл соттар әділ әрі мейірімді үкім шығаруымен ерекшеленді. Бітімгерлік әділет халықтың адамгершілік және құқықтық мәдениет мектебіне айналды» [14, 290-б.].

Көрініп тұрғандай, бітімгерлік соттардың ұйымдастырылуы мен қызметі жөніндегі шетелдік тәжірибе отандық заң шығарушы тарапынан ерекше мұқият зерттеуді қажет етеді. Осы орайда Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында: «Дауларды баламалы реттеу тәсілдерін дамыту Қазақстанның құқықтық жүйесінің маңызды даму бағыты болып табылады. Өйткені бұл институт қоғамдағы жанжал деңгейін төмендетуге және сот жүктемесін азайту арқылы әділеттіліктің сапасын арттыруға ықпал етеді. Қолданылып отырған құқықтық тәжірибе төрелік және медиация саласындағы құқықтық реттеудің бірқатар кемшіліктерін айқындады. Сондықтан халықаралық тәжірибені ескере отырып, осы институттарды одан әрі дамыту қажет» деп атап көрсетілген.

#### *Қорытынды*

Осыдан келіп, ауылдық елді мекендер халқы үшін сот қорғауының қолжетімділігін арттыру және аудандық соттар судьяларының жүктемесін едәуір азайту мақсатында би

сотын елдің бірыңғай сот жүйесіне бірінші сатыдағы сот ретінде енгізу қажеттігі туралы тұжырым жасауға болады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңына тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізу, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы билер соты туралы» дербес заң қабылдау қажеттілігі айқын.

Сонымен қатар, 2008 жылы өткен «Қазақ би соты - бірегей сот жүйесі» халықаралық ғылыми конференциясының қазақ құқығын кешенді және салыстырмалы тұрғыдан зерттейтін «Жарғы» атты арнайы мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтын құру туралы ұсынысын қолдау қажет деп саналады. Әсіресе, мұндай орталықтар Канада, Аустралия сияқты елдерде жергілікті құқықтық ерекшеліктерді ескере отырып, тиісті нормативтік актілер әзірлеген тәжірибе бар [15, 357 б.].

Бұған қоса, заң жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына «Қазақ әдет-ғұрып құқығы» және «Қазақ би соты» арнайы курстарын енгізу де орынды.

### **Авторлардың қосқан үлесі**

Барлық авторлар зерттеу тұжырымдамасын әзірлеуге, зерттеуді жүргізуге және мақаланың соңғы нұсқасын дайындауға елеулі үлес қосты:

*Айтхожин К.К.* зерттеудің жалпы дизайнын әзірледі, мәселені талдады, «Нәтижелер мен талқылау» бөлімін дайындады;

*Бейсенбаева М.Т.* аннотацияны, кіріспе бөлімін дайындады, ғылыми әдебиеттерге шолу жасады, мәтінді аударды, библиографиялық тізімді рәсімдеді;

*Рүстембекова Д.К.* «Негізгі ережелер», «Материалдар мен әдістер», «Қорытынды» бөлімдерін дайындады.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 *Кыпчакско-польская версия Армянского Судебника Мхитара Гоша и Армяно-кыпчакский Процессуальный кодекс. Львов, Каменец-Подольский, 1519-1594 / Составители А.Н. Гаркавец, Г. Сапаргалиев. Подготовка, транскрипция, русский перевод, кыпчакско-русский глоссарий и статья А.Н. Гаркавца. Перевод на казахский язык и кыпчакско-казахский глоссарий Г. Сапаргалиева. Латинский текст, перевод на украинский язык и статья М. Капралы. Библиография / Сост. А.Н. Гаркавец, М. Цимбал. - Алматы: Деист-и-Кыпчак, Баур, 2003. - 792 с.*

2 *Зиманов С.З. Казахский суд биев - уникальная судебная система. - Алматы: Атамұра, 2008. - 224 с.*

3 *Соловьев Э.Ю. Категорический императив нравственности и права. - М.: Прогресс-Традиция, 2005. - 416 с.*

4 *Ярославцев В.Г. Нравственное правосудие и судейское правотворчество. - М.: ЗАО Юстицинформ, 2007. - 304 с.*

5 *Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. - Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. - С.77-104.*

6 *Зиманов С.З. К оценке казахского права в истории мысли // Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер - Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. Бағдарлама жетекшісі: Зиманов С.З. - Алматы: Жеті жарғы, 2001 (Қазақ. акад. ун-ті). 2-том. - С.14-23.*

7 *Козлов И.А. Звание бия в народном сознании // Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер - Древний мир права казахов. Материалы, документы и*

исследования. Бағдарлама жетекшісі: Зиманов С.З. - Алматы: Жеті жарғы, 2001 (Қазақ. акад. ун-ті). 1-том. - С.95-96.

8 Д'Андре Л.И. О степном законе // Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер - Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. Бағдарлама жетекшісі: Зиманов С.З. - Алматы: Жеті жарғы, 2001 (Қазақ. акад. ун-ті). 1-том. - С.93-94.

9 Мамаи К. Сокровище кочевой цивилизации - казахский суд биев // Казахстанская правда. - 2011. - 6 августа.

10 Зуев А. Киргизский народный суд // Журнал Министерства юстиции. - 1907. - №10. - Декабрь. - С.-Петербург: Сенатская типография, 1907. - С.161-208.

11 Сатпаев К.И. «Биде қырық кісінің ары, білімі бар» // Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер = Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық /Бағдарлама жетекшісі: Зиманов С.З. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. - Алматы: Жеті жарғы, 2004 («Интеллектуал-Парасат» заң компаниясы). 1-том. - С.94.

12 Анчел Ева. Этнос и история: Пер. с венг. М.А. Хевеши. - М.: Мысль, 1988. - 126 с.

13 Горбуз А.К., Краснов М.А., Мишина Е.А., Сатаров Г.А. Трансформация российской судебной власти: опыт комплексного анализа. - СПб.: Норма, 2010. - 480 с.

14 Стецовский Ю.И. Судебная власть: Учеб. пособие. - 2-е изд. - М.: Дело, 2000. - 400 с.

15 Бабиц И.Л., Почекаев Р.Ю. Мнение о конференции // Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер = Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық. /Бағдарлама жетекшісі: Зиманов С.З. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. - Алматы: Жеті жарғы, 2009 («Интеллектуал-Парасат» заң компаниясы). 10 том. - С.352-357.

#### References:

1 Kypchaksko-pol'skaja versija Armjanskogo Sudebnika Mhitara Gosha i Armjano-kypchakskij Processual'nyj kodeks. L'vov, Kamenec-Podol'skij, 1519-1594 / Sostaviteli A.N. Garkavec, G. Sapargaliev. Podgotovka, transkripcija, russkij perevod, kypchaksko-russkij glossarij i stat'ja A.N. Garkavca. Perevod na kazahskij jazyk i kypchaksko-kazahskij glossarij G. Sapargaliev. Latinskij tekst, perevod na ukrainiskij jazyk i stat'ja M. Kapralja. Bibliografija / Sost. A.N. Garkavec, M. Cimbal. - Almaty: Desht-i-Kypchak, Baur, 2003. - 792 s.

2 Zimanov S.Z. Kazahskij sud biev – unikal'naja sudebnaja sistema. - Almaty: Atamұra, 2008. - 224 s.

3 Solov'ev Je.Ju. Kategoricheskiy imperativ npravstvennosti i prava. - M.: Progress-Tradicija, 2005. - 416 s.

4 Jaroslavcev V.G. Npravstvennoe pravosudie i sudejskoe pravotvorchestvo. - M.: ZAO Justicinform, 2007. - 304 s.

5 Valihanov Ch.Ch. Zapiska o sudebnoj reforme // Valihanov Ch.Ch. Sobranie sochinenij v pjati tomah. Tom 4. - Alma-Ata: Glavnaja redakcija Kazahskoj sovetskoj jenciklopedii, 1985. - S.77-104.

6 Zimanov S.Z. K ocenke kazahskogo prava v istorii mysli // Қазақтың ата заңдары: Құзхаттар, деректер және зерттеулер - Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. Бағдарлама жетекшісі: Зиманов С.З. - Алматы: Жеті жарғы, 2001 (Қазақ. акад. ун-ті). 2-том. - С.14-23.

7 Kozlov I.A. Zvanie bija v narodnom soznanii // Қазақтың ата заңдары: Құзхаттар, деректер және зерттеулер - Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. Бағдарлама жетекшісі: Зиманов С.З. - Алматы: Жеті жарғы, 2001 (Қазақ. акад. ун-ті). 1-том. - С.95-96.

8 D'Andre L.I. *O stepnom zakone // Қазақтың ата зандары: Құзхаттар, деректер және зерттеулер - Drevnij mir prava kazahov. Materialy, dokumenty i issledovanija. Bazardarlama zhetekshisi: Zimanov S.Z. - Almaty: Zheti zharzy, 2001 (Қазақ. akad. un-ti). 1-tom. - S.93-94.*

9 Mami K. *Sokrovishhe kochevoj civilizacii – kazahskij sud biev // Kazahstanskaja pravda. – 2011. – 6 avgusta.*

10 Zuev A. *Kirgizskij narodnyj sud // Zhurnal Ministerstva justicii. - 1907. - №10. - Dekabr'. – S.-Peterburg: Senatskaja tipografija, 1907. – S.161-208.*

11 Satpaev K.I. «Bide қуруқ kisiniң ару, bilimi бар» // Қазақтың ата зандары: Құзхаттар, деректер және зерттеулер = Drevnij mir prava kazahov. Materialy, dokumenty i issledovanija. 10 томдық /Bazardarlama zhetekshisi: Zimanov S.Z. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. - Almaty: Zheti zharzy, 2004 («Интеллектуал-Parasat» заң компаниясы). 1-tom. - S.94.

12 Anchel Eva. *Jetos i istorija: Per. s veng. M.A. Heveshi. – M.: Mysl', 1988. – 126 s.*

13 Gorbuz A.K., Krasnov M.A., Mishina E.A., Satarov G.A. *Transformacija rossijskoj sudebnoj vlasti: opyt kompleksnogo analiza. - SPb.: Norma, 2010. - 480 s.*

14 Stecovskij Ju.I. *Sudebnaja vlast': Ucheb. posobie. - 2-e izd. – M.: Delo, 2000. - 400 s.*

15 Babich I.L., Pochekaev R.Ju. *Mnenie o konferencii // Қазақтың ата зандары: Құзхаттар, деректер және зерттеулер = Drevnij mir prava kazahov. Materialy, dokumenty i issledovanija. 10 томдық. /Bazardarlama zhetekshisi: Zimanov S.Z. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. - Almaty: Zheti zharzy, 2009 («Интеллектуал-Parasat» заң компаниясы). 10 tom. - S.352-357.*

MPHTI 10.07.23

10.51889/2959-6181.2025.80.2.002

УДК 340.11:32

G.U.Balgimbekova <sup>1\*</sup> , M.E.Abdrakhim <sup>2</sup> , A.I.Birmanova <sup>1</sup> , A.Lavnichak <sup>3</sup> 

<sup>1</sup>Karaganda University named after academician E.A. Buketov

<sup>2</sup>Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov

<sup>3</sup>University of Wroclaw, Poland

(e-mail: \*Gbalgimbekova@mail.ru, abdrakhim\_91@mail.ru, birmanovaa81@internet.ru, lavka@prawo.uni.wroc.pl)

## THE INFLUENCE OF CULTURAL RIGHTS ON THE PROFESSIONAL CULTURE OF CIVIL SERVANTS

### Abstract

The article is devoted to the analysis of cultural rights as an element of the legal status of a civil servant. International standards, domestic legislation, possible restrictions related to the public nature of public service are considered. The authors substantiate the need to harmonize individual rights and public duties, as well as propose ways to legally regulate and protect the cultural rights of civil servants. The authors analyze international standards, the legislation of the Kazakhstan, raise the issue of permissible restrictions on this right within the framework of public service. It is concluded that there is a need for a legal balance between personal freedom and the interests of public service. Taking into account world practice, ways to improve laws related to the protection of the cultural rights of civil servants are proposed. It is determined that cultural rights play an important role in raising the level of civil service.

**Key words:** professional culture, civil servants, cultural rights, ethics of public service, public administration, professional competence, public service and culture.

Г.У.Балгимбекова <sup>1</sup>, М.Е.Абдрахим <sup>2</sup>, А.И.Бирманова <sup>1</sup>, А.Лавничак <sup>3</sup>

<sup>1</sup>Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

<sup>2</sup>Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті